
Әдеби-көркем қоғамдық-саяси журнал

Magstian



Серік НЕГИМОВ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяндық деректерін сөйлетсек, ұлттың ұлы ұстазының тұлғасы (қайраткерлік, ұйымдастырушылық, реформаторлық, стратегтік, дипломатиялық) айқын танылар еді. 1846 жылдың 5 наурызында атасы әскери старшын, би Балғожа Жаңбыршин Орынбор шекара комиссиясының төрағасы, генерал-майор М.В.Ладыженскийге өтініш жазып, Орынбор мектебіне енгізген. Ыбырайды Торғайдан Жетібай Өтемісов дейтін жас науша жеткізген. Балғын Ыбырайдың зеректігі мен өжеттігі сондай, оны осы шаһарда қалдыртқан.

Ыбырай Алтынсариннің білімін одан әрі толықтыру мақсатында оқуын жалғастырған. Бұл 1850 жылдың 20 тамызы еді. Сағ.12.00 – Салтанатты жиын. Әнұран шырқалған. Ахун қатысқан. Сонан соң қала сыртында оқуға қабылданған қыр балаларына құрмет көрсетілген. 4 киіз үй тігілген. Ас үйі бар. Ұлттық тағам, ұлттық ойын-сауық ұйымдастырылған. Тұп-тура ауыл көріністері. 2 үйір биелер, салт аттар, ер-тоқымдар, мал дәрігерлік керек-жарақтар, киім-кешектер, аяқ киімдер, қымыз, кітапхана бәрі-бәрісі балғын шәкірттер үшін жасалған.

Ыбырай оқыған мектепте орысша, татарша, арабша, парсыша үйретілген. Шығыс тілдерінің білгірі Мир Салих Бекчурин, Орынбор ахуны Усман Мусин дәріс оқыған. Балауса Ыбырай Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы, статтық кеңесші, шығыстанушы В.В.Гри-

горьевтің (оның «О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки» деген еңбегі бар) бай кітапханасын пайдаланған.

Жинақтай айтқанда, сұңқардай сергек, жанартаудай отты Ыбырай 1845-1857 жылдарда Орынбор мектебінде телегей ілім-білімге сусындап, самұрықша қанат қақты. 1857-1859 жылдарда ақылман атасы көненің арты, асылдың сарқыты Балғожа бидің хатшысы, қолғанаты болды. Бұ да Ыбырай өмірінің өзгеше бір даналық, тағылым мектебі. Дана бидің көрегендік, көсемдік, үйірімпаздық тәжірибелерімен ортақтасты, пікірлесті.

Ы.Алтынсарин 1859 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмәш, 1869 жылы Торғай қаласы маңындағы Далалық бекіністер мектебінде мұғалім, аудармашы, 1869 жылдың 2 қаңтарында Торғай уездік басқармасының хат жүргізушісі, 1870-1872, 1874 жылдарда Орынбор Генерал-губернаторының бұйрығымен Торғай уездік судьясы және 1871-1872 жылдарда Торғай уездік бастығының аға көмекшісі әрі оның міндетін де өзі атқарған.

1879 жылдың 1 қыркүйегінен – 1888 жылдың 1 мамырына дейін Торғай облысы қазақ мектептерінің инспекторы. Сонан соң Губерния хатшысының колледж кеңесшісі. 1889 жылдың 1 мамырдан бастап статтық кеңесші.

Ыбырайдың артықша ардақты қасиеттері ел көзіне ерте шалынды. Татар ғалымы Хұсайын Фаизханов 1862 жылдың қаңтарында Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминскийге жазған хатында қазақ жігіті Ыбырай Алтынсарин жайында жақсы лебіз танытқан.

Хұсайын Фаизханов Петербургте Шоқан Уәлихановпен дидарласқан.

Профессор Н.И.Ильминский: «Алтынсарин ақылды, адал әрі сымбатты адам», «қандай да бір одан жамандық қасиетті бірде-бір рет байқаған емеспін» «ұдайы ой құшағында болуын ерекше бағаладым», «білімге ынтызарлық ұмтылысы», «Алтынсариннің тамаша, жомарт жан дүниесі», «сыпайгершілік және ілтипатты лебіздерін» ұмытуға әсте болмайды.

Н.И.Ильминский «Воспоминания об Ы.Алтынсарине» дейтін естелік кітабында (Қазан, 1891) Орынбор қаласында Ыбырай Алтынсаринмен қызметтес болғанын айта отырып: «Ыбырай менің қазақ тілін үйренуіме, қазақтың әдебиетімен танысуыма көп әсер етті... Марабай ақынмен жете таныстырды. Мен 1859 жылдың қысының бас кезінде Батыс Қазақстанда тұратын суырып салма айтқыш Марабай ақын ту-

ралы естідім. Оны Орынбор қаласына шақырып алдым... Марабай «Ер Тарғын» жырын жырлап берді... Мен бұл жырды татар әрпімен жазып алдым. «Ер Тарғынды» өз алдына кітапша етіп 1862 жылы Қазан қаласында шығардым...».

Ал Ыбырай Алтынсарин Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Мен Сіз бастырған «Ер Тарғынды» оқыдым. Бұған өте қатты қуанам. Қазақ тілінде еш уақытта кітап басылған емес. Сондықтан қазақтар өз тілінде кітап шыққанына өте қатты қуануда... Мен өзім ел арасынан біраз әдеби материалдар жинадым, оны мүмкіндігінше Сізге жіберіп те отырмақпын» дейді.

А.Н.Самойлович 1919 жылы: «Алтынсарин орысша білім алып, педагогтік қызмет атқарды, өзі өлең шығарды және Крыловтың мысалдарын аударды» («Дүниежүзілік әдебиет» баспасы шығарған Шығыс әдебиет жинағының бірінші кітабында).

Ыбырай Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер – санаткері, халық қызметкері. Ұлы Даланың шартарабында саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық жырлары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, «Тіреу болар», «сүйеу болар» оқудың мәнісін ыждаһаттайды, сипаттайды. Сонан соң «Өнер-білім бар бар жұрттардың» өнегесінен үйренейік, көркейейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін батамды сендерге бердім дейді. Қазағын сүйген, халқының ұлылығына бас иген дала данагөйінің ұлы тілегі мен арманы осы.

Сөз қасиеті – өсиет! Ел мұраты, ер мұраты – өркениет. Бұларды жете түсінген Ыбырай Алтынсарин оқудың өзегін, тамырын, тек-төркінін түгендеу жолында тағы бір қырын көрсетеді. Ол мынау:

Оқу білген таниды,

Бір жаратқан Құдайды.

Тағы да:

Жаратты неше алуан жұрт Бір Құдайым,

Тең етті бәрімізге Күн мен Айын.

Адамның адам біткен баласымыз,

Қайсың бөлек тудың деп айыратын!

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!

Бұл шумақ мұсылмандық дүниетанымға негізделген. Және де ғылыми дәлелі бар. Себебі, Алла адамзатты бір кісіден жаратты, таратты.

Ыбырай «Иманды ер Құдайынан ұялады» дейді де:

Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,

Бір әділ қазынасы кең патшанды ізде!

Қорексіз еш пендесін қалдырмайды,

Жаратқан Бір Тәңіріңнен күдер үзбе!

Мінеки, ағартушы-ұстаз Құран ілімімен қаруланғаны. Шындығында, «Құран – ең жоғарғы дәрежелі ілім жинағы (Вашингтон Ирвингтің «Хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны» кітабынан).

Әй, достарым, жігіттерім,

Болмасқа болушы болма!

Қолыңнан келсе қыл қайыр,

Кісіден алушы болма!

(«Әй, достарым!»)

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз

Азған елдің ішінен.

Алыс-алыс қашыңыздар

Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзден салмаңыздар.

Жақсыдан ғапыл қалмаңыздар.

Өзі болған ерлердің,

Аяғынан алмаңыздар.

Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылмас!

(«Әй, жігіттер!»)

Заманының, қоғамының шамшырағы Ы.Алтынсарин халық дәстүрлерінің, салт-жораларының, ырым-нанымдарының білгірі, билік-кесім шығарудың да әділ төрешісі болса керек. Өйткені, судья болған жылдардағы төрелік айту мәдениеті жөнінде мәліметтер жинақталмаса да, 1870 жылы Россия географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің №1 жазбаларында «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» жарияланған. Мұнда садақа (ысқат) тарату тәртібі, символдық рәміздер сыры (ер адамның ескерткішінің төбесіне – найза, әйелдер бейітіне – бақан не піспек, нәрестелерге – бесік

дегендей), бейіттің өзенге жақын болуы (жүргіншілер үшін де пайдалы), басқа қара жамылу, жоқтау айту, бата оқу (жылқы я түйе жетектеп әкелу), ас беру, сауын айту турасында бағалы мәліметтер бар.

Ыбырай Алтынсарин өзі көрген, куә болған дәулетті қазақтың асын: «Мысалы, менің өзім білетін бір байдың асында 100-ге жуық жылқы, одан әлдеқайда көп қой сойылды, 30 пұт күріш асылып, оның үстіне 30 пұт мейіз салынды, келген қонақтардың көптігі сонша, олар 200 киіз үйге орналастырылды, асқа әкелінген жүйріктердің бас бәйгесіне 40 жылқы, 4 түйе тігілді» деп суреттейді. Бұған қоса кілем-көрпелерді, саба-саба қымыздар теңізін, мүше тарату, палуандар сайысы салтанатын айтсаңызшы!

Бұл еңбегінен кейін 1879 жылы Россия географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің №1 санды жазбаларында «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркінде» қыз айттыру мәнісі (көреген аталарымыз текті – тайпалардан қыз айттырған, осынау ұлы идеяның иесі Есім хан екен), қалың мал нарқы, қыз жасауы, құдалардың қонақ болуы (неше түрлі қызықтар жасалуы), кәделер үлестіру, ырымдар (қыз қашар, кемпір өлді, ит ырылдар, көрпе қимылдатар, сүт ақы, неке қию шарты, сыңсу), жыршылардың беташары, сәлем салу, отқа май құю, жас келіннің сөз саптау мәдениеті (тұспалдап айту) жік-жігімен, рет-ретімен сипатталады.

Ұлы Даланың қыран дауысты дарабозы, ілім-білімнің қазынасы, ұлтының тілеуқоры Ы.Алтынсарин әдеби-мәдени, тарихы, ғылыми дәрежесі жоғары «Қазақ хрестоматиясын» (Орынбор, 1879, 111-бет) құрастырды. Ол «халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына», «пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға», «біздің әрқайсысымыздың да борышымыз екеніне» жете, жетік ұғына отырып, жанқиярлықпен қызмет етуіміз дұрыс дейді.

Сахара еліндегі білім беру жүйесі тарихындағы атақты хрестоматияда елтану, жаратылыстану, ел басқару өнегесі, жер тану, шешендіктану, шежіретану, дүние тану, тұлғатану, кәсіпшілік, өнер-білім, ұлттық тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайында тапқырлыққа, тұспал-ишаратқа, даналыққа, ізгілікке, ұлттық рухқа құрылған мейлінше жинақы, мағыналы, қызықты тәмсілдер мен мысал әңгімелер жинақталған. Тақырыптық ауқымы да, тарихи-географиялық шеңбері де ересен. Замандар мен дәуірлер сөйлейді. Ықылымдар тіл қатады. Араб, парсы, ағылшын, орыс, қазақ, француз халықтарының өмірінен таңдалып алынған дерек-мәліметтер бар. Мысалы, Ағылшын елінің Броун дейтін білімдар ұста-

сы өрмекшінің өрмегін көріп, тіреусіз көпір салудың жобасын жасауы яғни дарияның үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай төсеп, екі жақ басына бағана орнатып көпір тұрғызған. («Зеректік»). Көре білу өнері, ой жүгірту, зейін-зердеге тоқудың әсері қандай.

Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» дейтін төлтума қазақ әңгімесінің көркемдік-пәлсапалық қырлары не деген бай, байтақ. Үш жолаушы бұлақ басында «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» дейтін жазудың шынайы мағынасын үш түрлі деңгейде түсіндіреді: 1) Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін. 2) кім-кімге де болса даяр, рақаттандырады, сусынын қандырады, ақы дәметпейді, біреуге жақсылық істесең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені-ау. 3) бұлаққа қарасаң, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көресің, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін.

Адамның жасағанын, істегенін екінші адам да жасайды. Табиғат адам баласына мол мүмкіндік, қабілет берген. Есті болу – мүмкіндіктерінді жұмсай білу. Бұл ретте «жесірге байдай, жетімге атадай» «Лұкпан әкім» тәмсілінде «қол – жұмсау үшін, көз – көруге, құлақ – естуге, ақыл – ойлануға» жаралған дейтін ғибрат бар. Рухани жетілуге, кемелдік биігіне жеткізетін осынау жаратылыс дарытқан қасиеттер.

Ар-ожданға, рухыңа көркемдік әсері ерекше тағылымды тәмсіл-мысалдарда ақиқат пен әділдік семсерін мұқият ұстап, халықтың ойлау пәлсапасының, көзқарасының, дүниетанымының, мақсат-мұратының беломыртқасы еткен Ы.Алтынсарин әділдік турасында тебіренеді: «Петр патша және граф Шереметьев жаулап алған жерлерден жер беріпті-міс. Осындай жердің біреуі Рига қаласының бір бейкүнә адамына тиісті жер екен, барып патшаға шағымданыпты:

«Не күнәм бар, жерімді біреу алғандай? – деп.

Патша арызын тыңдап болып, айтты:

– Арызың дұрыс болса, тиісті қазыларға (сотқа) арыз ет.

Ол кісі арыз берді:

– Меньшиков деген князь жерімді тартып алды, – деп.

Қазылар арызын алып сұрап еді, Меньшиков жауап берді, ол жерді маған наградқа патша берді деп. Қазылар Петр патшаға да хабар беріп, патша өзі де келді. Патшадан да жауап сұрап болып, ақырында қазылар:

– Петр патшаның бұл ісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін наградқа беріпті, – деп, жерді иесіне қайтаруға бұйырысты.

Патша билігін есітіп болған соң, түрегеліп қазылардың бетінен сүйіпті:

– Әділдіктеріңе алда разы болсын, – деп және сол жерде айтты дейді:

– Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!» («Петр патшаның тергелгені»).

Ы.Алтынсариннің қай әңгімесін оқысаңыз да мазмұн, идея, тіл, стиль, ойшылдық жағынан мінсіз. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің шарттылықтары сақталынған. Жыраудың яки бидің тіліндей жұтынып тұр. Айталық, «Қара батыр» ертегісі бастан-аяқ тал жібектей өрілген, күйдей күмбірлеп төгілген жыр іспетті.

Ыбырайдың хрестоматиясы «Мәктубат» деген аталыммен 1889, 1896 жылдарда Қазан қаласында жарияланған. Сонан соң «Орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал» (Орынбор, 1879) еңбегі жарыққа шықты.

«Өнерлі өрге жүзеді» дейтін ел қағидатын ұстанып, руханият шырақшысы 1880 жылдың қаңтарында «Қазақ» газетінің 4 бөлімнен тұратын 1-ші нөмірін шығарды. Жалғастыруға отаршылдық саясат мұрша бермеді.

Ойшыл ұстаздың тізбек-тізбек жөңкілген замана көшінде көнермейтін, ескірмейтін ұлы, қуатты идеялары елдің, мемлекеттің, халықтың көркеюіне мәңгілік мағына дарытары сөзсіз. Олар:

«Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы: тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды». Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев педагог мәртебесі туралы бастамасы, негізінде, оқытушы тұлғасына (интеллектуалдық мәдениеті, энциклопедиялық білімі, шеберлігі, даналығы) саяды.

Ұстаздың аудиториямен байланысы хақында мынадай тұжырымды пайымдаулар өрбітеді: «оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет», «балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек» («Ақтөбе екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат»).

АҚШ-тың профессоры Джеймс Хьюмс «Секреты великих ораторов. Говори как Черчилль, держись как Линкольн» дейтін еңбегінде (М., 2012) слайд қолдану негізгі мәселе емес, дәмдәуіш қана. Сөз сөйлегенде соның сәл-пәл ұшқынына ұқсайды. Слайдтағы жазуды оқымау керек. Тыңдаушылар сенсіз де оқиды. Слайд сүйенетін балдақ емес. Сенің

дәрісің өзгеше бір әлем деп дұрыс айтады.

Ал ХХІ ғасырда шешендер иллюстрацияларды, таблицаларды, фотосуреттерді көп қолданады да, лектор солардың ығында қалады.

Шынында, мұғалім – жарқын тұлға, жарқырап жанған от, теңіздегі тегеуірінді толқын, ол білімнің де, шеберліктің де, шешендіктің де, тәжірибенің де, даналықтың да, лидерліктің иесі, дәл, нақты өзі!

Ұлтын, ұрпағын, топырағын кие тұту, өбіп-мейірленіп сүю, қылдың ұшында, ұстараның жүзінде жүрсе де, отарлық езгінің тұтқынына қамалса да, тұншықса да от жүрегімен, оман дария білімімен көркем қызмет жасау – Ыбырай Алтынсариннің машық-дағдысы. 1862 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында «қазақтың табиғи тілін бұзатын таризмге» және шалағай молдаларға қарсылық көрсетеді, «таза қазақ тіліне жаратылыс тарихынан бір нәрсе аударған болар едім» деп ағынан ақтарылады. Тағы бір хатында (1862 жыл, 26 қаңтар): «Менің ойымша, көңілдің хошы, бақыт дегеннің бәрі де ата-бабаның өмір сүрген және жерленген жерінде, туған ошағыңның басында жақсырақ, ал қайғы дегеннің қандайы да, тіпті, ажалдың өзі де сол жерде жеңіл болатын сияқты». Сондай-ақ өзінің ұстанымын, мұрат-мақсатын, рухани сұлулыққа жету арманын былайша мәлімдейді: «Мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын», «жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды, білімімді арттыру – мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтын ойым еді».

Оқымысты-педагог Ыбырай Алтынсариннің 1884 жылы Қазан университетінің баспаханасында басылған «Шариат-ул-ислам» (Мұсылманшылықтың тұтқасы) дейтін еңбегі, өзі айтқандай, қазақ жұртына бағыштап, қазақ тілінде білімдарлықпен жазған діни (бұл негізінде «әдет-ғұрып, қарыз, жол, ұлт» немесе Алланың жолы деген мағынада қолданылған) һәм ғылыми шығарма. Алдымен діни заң ғылымдарының ең жоғарғы шыңына шыққан ғұламалардың (мужтаридин), сонымен қатар өз заманының ғылыми құндылықтарын, атап айтқанда, француз ғалымы Реклюдің «Уақыт, құрылық және мұхит», Крюгердің элементарлық физикасын, Гердтің минерологиясын, Оливердің ботаникасын, Константиновичтің химиясын, Сент-Илердің зоологиясын, Фигьенің жаңалықтарын, Пуцковичтің географиясын, Зобовтың табиғаттануын мұқият түсініп қабылдаған, ұстаздық еңбегінде шеберлікпен түсіндірген, толық пайдаланған. Сөйтіп, ғасырлық ой-тәжірибелерді болмысына, рухына сіңіре отырып, «Әмин! Құдая қабыл ет!» деп, «Жер үстіндегі мүліктердің», «Көк үстіндегі періштелердің иесі», «Артықшылықтардың

иесі» Жаратқан Иенің күдіретін, Құранның ұлы идеяларын, жаратылыстың жұмбағын, ғаламның ғаламат үйлесіммен ойластырылғанын келісті баяндаған: Алланың әмір-күдіретімен пайғамбарымыз «адамзатқа түзу жолды үйретіп, шын Құдайын танытып, шын діннің һәм дүниенің ғылымдарын көрсетіп беріп еді» деп жазады. Және де ол мұсылман мемлекетін негіздеуге, қатысқан асхабтарымен, мұсылмандық құқықты мінсіз меңгерген ғұламаларымен «таза құлық, жұмсақ шырын сөздерімен» ғибрат айтып, халықты ізгілік пен туралықтың, тазалық пен әділдіктің жолына нұсқағанын бажайлап пайымдайды.

«Биссмиллаһи-р-рахмани-р-рахим – Қайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын!

Қанша мақтау бір Құдай табарак уа тағалаға лайық. Ол лайықтығында ешбір зат, мақлұқта теңдесі жоқ. Бұл – үстіміздегі шеті-шегі жоқ көк, күндіз болса дүниені жарық еткен күн, кеш болса күлімсіреп тұрған ай, жұлдыздарменен, бұл дүниені айналып жатқан шеті жоқ мұхит, теңіздері һәм таулардан таза жауһардай жылтырап аққан өзендері, ішінде неше алуан мақұлықтар, балықтарыменен, астымызда біздің дүниеміз атанған жер қазып қарасақ астында алтын, күміс, мыс, бақыр теміріменен һәм үстінен қарасаң алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсең жапырақтары жайқалып, дүниеге хош иістер жайған биік орман ағаштар, алуан-алуан жеміс шешектеріменен желкілдеп шыққан неше-неше түрлі көк шөптер, гүл-жапырақтары һәм неше алуан дәмді дәру һәм тамақ болатын тұқымдарыменен, мәселен, бидай, тары, алма, жүзім рәуішті, қырда, орманда, теңізде неше-неше түрлі жаратылған алуан-алуан мақұлықтар – өрмелеген тышқаннан бастап, таудай биік пілдерге шейін, кішкентай ғана құрт шабақтан бастап, ұзын бойы он саржан, ауырлығы жеті-сегіз мың пұттаған балықтарға шейін, кішкентай ғана шымшықтан, сайрап тұрған сандуғаштардан бастап, қой мен бұзауларды аспанға алып ұшуға жарайтын бүркіттерімен соншама зат, мақұлықтың бәрін де Құдай берген ақыл-хайламенен жинап алып, өз пайдасына жаратып, неше түрлі һәм неше жүз, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрған адамзаттар – мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығында, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық-қадір екендігіне дәлел болса керек. Оның үшін мұншама ғажайып ойлап, ақыл жетпейтін естір һәм зат мақлұқтар бір Құдайдың бұл деген жалғыз бұйрығымен болғандұр.

Ойшылдың ғарыштық дүниетанымы, көзқарасы қандай дегенде мына бір дәйекті де дәлелді пәлсапалық пікірінен кәміл түсінуге бола-

ды. Нақтылы айтқанда, он сегіз мың ғаламның әміршісінің даналық болмысына, ұлы қызметіне, әмбебаптығына сипаттама: «Егер біреу сұраса «Құдай тағаланың жаратушы екенін неден білдің?» – деп, жауап беру керек – екі дәлелмен білдім: біреуі – нақли дәлел, біреуі – ақли дәлел. Нақли дәлел дегеніміз сол – Құдай тәбарак уа тағала Кәләм шарифте бұйырды: (уа халақа куллу шаййн), яғни «әр нәрсені Құдай жаратты» деп. Ақли дәлел дегеніміз сол – ешбір шек жоқ дүниедегі бар нәрселердің бәріне де бір бар етуші керектігіне. Ол жаратушы ешбіреудің жәрдеміне мұқтаж болмаса керек».

Расында, «Тәбәрәк» сүресінде: «Жеті қабат аспанды бір-біріне үйлесімді етіп жаратқан – Ол Алла. Рахманның жаратуында ешбір ақау, жүйесіздік көре алмайсың» делінген.

Алланың әділеті, білімі, ғылымы, діні, есебі, жүйелі әрекеті, ғайыпты болжап білуі, адамзатқа ілтипаты, нығметтері, жаратушылық энергиясы, мәңгілігі, айқын көрегендік ғибраттары теңдесі, теңеуі жоқ құбылыс. Осы орайда Ы.Алтынсариннің көрсетуінше, «бұл дүниедегі зат, махлұқтардың бәрін де ең әуелі барлыққа келтіруге ешкімнің жәрдеміне мұқтаж емес бір Иенің барлығында еш шек – шүбә жоқ болса керек. Егер біреу сұраса: Құдай тағаланың бірлігіне не дәлелің бар?» деп, жауап бермек керек: бұған да екі түрлі дәлелімсіз бар, бірі – нақли, бірі – ақли. Нақли дегеніміз сол – Құдай тағала Кәләм шарифте бұйырды: (ләу кәна фиһима әлиһатан илла аллаһа лә фасадата) яғни «жерде, көкте Алладан басқа тағы алла болса жер, көк бұзылар еді» деген. Ақли дегеніміз сол – жерде, көкте екі құдай болса бір-біріне қарсы келуі мүмкін болар еді» деген тұрлаулы тұжырым жасайды.

Білімпаз «иман» ұғымының қасиеттерін білгірлікпен салмақтайды, нақтылайды. «Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр. Дін ғылымы екі жол көрсетті: бір жолы – осылай бар деп бұйырған жолы, екіншісі – бұл жолға түспе деп тыйған жол. Әуелгі жолдың баратын ұшы – ұрмақ, соңғы жолдың ұшы – тамұқ».

Ы.Алтынсариннің «иман» бітімі турасындағы жіктемесі де терең сырға, мәнге ие. «Иманның екі мағынасы бар: бірі – тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік – сөзіміз немесе араб тілінше шәһәда (тун) – иманымыз ашһаду ан лә иләһа иллә алла уа ашһаду анна мухаммадан

аб-дуһу уа расулуһу болса керек. Яғни «куәлік беремін: жоқты бір Құдайдан бөтен құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы растағанда ол иманды көңілмен растамақ. Бұл растамақ дегеніміз, жалғыз Құдай тағала бар, Мұхаммед хак пайғамбар деп айту ғана емес, пайғамбарды алайһи-с-саламның Алла тағала жанбунан алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза реуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен растығына сенбек».

Әділдік, туралық, әдептілік, қайырымдылық – ізгі кісінің сипаты. «Пенделердің амалының немесе істейтін істерінің бағзысы көңілменен, һәм дінімен болады. Көңілмен дегеніміз – көңілмен шындап-дұрыстауды, мәселен, иман рәуіштіні айтады. Дінімен деп қолмен дәрет алып, намаз оқу реуіштілер айтылады. Бірақ әрбір жақсы адамдардың да асыл түбі иманнан, яғни иланудан келеді. Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ».

Көркем сөз, көркем іс, көркем мінез – Алланың қалауы. Ендеше, көркем мінез – тағдырыңды, жолыңды дұрыстайды:

«Көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан соңғы уақыттарда қандай қиыншылық көрсеңіз де жаздырмас».

Ғарыш пен ғаламның біртұтас кемел келісімін, бірегей сұлу ырғағын түсіндіріп көркемдікпен айтуы да шеберліктің шынайы үлгісі. Мысалы: «Көктегі, жердегі зат – махлұқтың өзгермейтін бір қалыпша, бейне бір жүргізіп жіберген сағаттай өз-өзінен қалпынан танбай келуіне қарап Құдай тағаланың екі емес, бір екендігін осыдан танып, осылайша, Құдай тағаланың барлық, бірлігін дұрыстауды – иман истидләли деп айтады». Яғни шешімге келу иманы.

Мына бір оймақтай тұжырымы – лидер-стратегтің тіліне тән сипат. «Ей, екі дүниенің иесі – Құдайым, әр пенденің ниет-пиғылы бір өзіңе белгілі-ді».

Мұнда ғылыми һәм діни түсініктермен қатар, ой-пікірін ғажайып сырлы мағыналы афоризмдермен тұздықтап отырады:

1. «Әркімнің өзіне тілеген жақсылықтарды өзгеге һәм тілемек. Оның үшін дүниеде қанша адам болса – бәріміз бір Адам-Атадан өрбіген ағайынбыз». Ұлттың рухани түлеуіне серпін беретін асыл ой – яки бір-біріңе тілеуқор, қайырымды, мейірімді бол деген ғой. Сондай-ақ «Алла тағала сендерді бір кісіден (тұлғадан) жаратты. Сонсоң одан жұбайын (Хауаны) жаратты» (Зүмәр сүресі, 6-аят) дейтін лебіз бар. «Құран – сондай ғажайып бір дауыс. Оны бүкіл әлем тыңдайды. Бұл дауыс – сарай-

ларда, мемлекеттерде, шаһарларда, шөлдерде жаңғырады» (Др.Джонсон).

2. «Кім де кім сахи мырза болса, ол мырзалық-ұжмақта бір ағаш, мырза адам ол ағаштың бұтағынан ұстағанға мысал һәм ол бұтақпен ол мырза кісі ұжмаққа кірмей қалмас деген сөз». Жаны жайсаң, жомарт, ақ пейіл, көңілі таза, игілік пен ізгілікті – өмірінің темірқазығы еткен мақсаткер мұратқа жетері ақиқат.

3. Көркем мінез, көркем іс адам баласын көркейтеді. Сөйтіп, қоғамды да, мемлекетті де гүлдендіреді. Келер заман, келешек ұрпақ тебіреніп жадында ұстайды. Халықтың тарихи зердесінде, көркемдік санасында жаңарып отырады. Сондықтан да көреген Ыбырай Алтынсарин мынадай салиқалы пікір туындатады. «Дүниеде таза мінсіз бен қайырлы істер істеп ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңіздің жиып қайтқан жақсылықтарыңыз – ахиретке бірге баратын дәулеттеріңіз. Ол дәулетіңізбен мәңгі дүниеде пайдаланып, ұжмақ ішінде рахметте қаласыз».

4. Егерде бұзық пиғылдың күпірлікті, күншілдікті, сараңдықты, сасық байлықты, ұрлықты, ғайбаттанушылықты «ахиретке осындай амалдарды қолға ұстап қайтсаңыз, мұның кесапатын, залалын һәм мәңгі дүниеде, ахиретте көресіз. Оның үшін жамандық іс – жылан мен бүйіге мысал. Ол бүйі мен жыланды қанша асырап күтсең де, күткеніңе ісініп, қолыңа тұтына беруді қоймасаң, ақырында бір шағып өзіңе зақым келтірмей қоймас». Осылай деп өрескелдікті әшкерелейді. «Әркім не ексе, соны орып алса керек» деген афоризмді қолданады.

5. Әдеби-ғылыми, аудармашылық, публицистикалық шығармашылықпен, баспасөз ісімен, ұстаздықпен, ұйымдастырушылықпен, ұлт тәрбиесімен шұғылданған кемеңгер Ы.Алтынсариннің келелі кеңестерін тағы бір мәрте тыңдайық: «Ағашты жас күнінде қисығын түзей келсең, түзу болып өседі һәм бір түзу болып өскен соң, жаңадан қисаймайды» дейді де: «Сол рәуішті жақсы, көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан соңғы уақыттарда қандай қиыншылық көрсеңіз де жаздырмас». «Түзетіңіз құлқыңызды!» (Кәләм шарифтен) дей отырып, немесе былайша ой сабақтайды: «7 түрлі жақсы қылықты берік ұстап, 7 түрлі жаман хұлықтан сақтансаңыз», әлбетте, «мәңгі рахатта боласыз».

Адамдардың бір-бірімен әдепті, мәдениетті тұрғыдан шеберлікпен қарым-қатынас жасауы – өзгеше бір әлем. Сол себепті де ұлт ұстазының ұшан-теңіз өмір тәжірибесінен түйген, ақыл сүзгісінен өткізген ғибратты тәмсілдерінің тағдыранықтағыштық мән-мағынасы өлшеусіз: «Хакім болсаң, өзіңді зор тұтып, бөтенді хор тұтпай әділ болмақ һәм әр бей-

шараны аяп, рахыммен сөздерін тындамақ. Оқымысты білімсіп басыңды жоғары көтермей, бәлкі надан ағайыныңды аяп, білмегенін үйретіп тура жолға салуға тырыспақ. Бай болсаң, баймын деп менменсінбей, бай емес бейшараларға аяушан (аяушы, жанашыр болу) болмақ». Я болмаса: «Егер бір пенде Құдай тағаланың бұйрығына бой ұсынып, бір мысқалдай төменшілік етсе де, Құдай тағала ол пендеге жоғарының жоғарысы болатын дәреже берер».

«Терең теңіз тартылмайды, терең ой сарқылмайды» дегендей, Пайғамбар жауһардай пайымдауларын ретімен қолданады: «Ғылым жас жігіттердің басқа киген тәжіндей, ақыл алатын алқадай», «Ғибадат қылсаң, Құдай тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта Құдай тағаланы көрмесең де Құдай сені көріп тұрушы деп».

Хазірет Әлі: «Ғылым деген дариядай, суынан ішкен де, ішпеген де арманда. Ішкендердің арманда болуы – ғылым деген сонша терең, тәтті нәрсе, оның суынан бір ішкен кісі және көбірек оқып, көбірек үйренсем дей-дей ақыры ғылым түбіне жете алмай арманда кетер».

Сахара елінің санасын ояту, білім-білігін тереңдету мақсатында мұндай мыңжылдықтар бойы көнермейтін даналық қағидаттардың рухани қажеттілігі айрықша.

Мектептерде оқу ісінің тәсілдерін жетілдіру, оқу құралдары, химиялық кабинеттер, карта, глобус, барометр, микроскоптар, компастар, электр-магнит, телеграф, сиқырлы фонарьлар, зығыр, мақта, жүн, жібек, былғары, қағаз, әйнек сияқты заттарды өндіру және оларды пайдалану, қолөнер мектебін (ағаш ұсталық-токарь ісі, тігіншілік өнері) өркендету, «қазақ халқының кітап оқып, өз бетімен білімін көтеретін дәрежеге жеткізу», қазақ тілінің қолданысын кеңейту, ғылым мен өнердің үлгісін көрсету – Ы.Алтынсариннің ұлы қызметі әрі ұстанымы.

Мұның бір айғағы – 1888 жылдың жазында 75 күннің ішінде 6 мектеп ашып, тап-тұйнақтай етіп орналастырған. Сонда профессор Н.И. Ильминскийге келешекте ауыл шаруашылық мектебін (бау-бақша өсіру, мал шаруашылығы мен егіншілікті дамыту, зиянды жәндіктермен күресу, былғары илеу, сабын қайнату, құмыра жасау, ұсталық-теміршілікті дамыту), ұйымдастыру тәрізді арманын баяндап, «құлашты сермеп жатырмын» деп сырын ақтарады. Есіл ер, толағай таңғажайып көркем істерімен қайран қалдыра отырып, «тірі болсам» деген күмәнін де қосып жазады.

Ара-кідік қайсар да қайратты қайраткер кейбір хаттарында «барса келместің сапарына кетіп қала жаздадым», денсаулықтан айрылған кісі

«жыртық тонға ұқсап» кетеді екен деген сөздер бар.

Кемеңгер Ы.Алтынсарин 1889 жылдың 17 шілдесінде дүниеден озды. Сонда қазақтың гауһары туралы «ұлан байтақ қазақ даласының данасы, жаны таза еңбекшісі» деген баға берілді. («Оренбургский листок», 1889 года, 30 июля, №31).

Ұлт қайраткері Ы.Алтынсаринді Орыс мемлекеті статтық кеңесші – генерал-майор (генерал инфантерий) шенімен (5-класты әскери шен, жаяу әскер санаты) марапаттаған.

Әлемге әйгілі Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» деген қымбат лебізі ұбақ-шұбақ заманалар биігінен естілері хақ.

